

2023-2024 оқу жылындағы І.Есенберлин атындағы № 15 орта мектебі бойынша «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында апталық өткізу туралы

16 қазан 2023 жылы мектепшілік №189а «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында апталық өткізу туралы бұйрығы шығарылып, 16 қазан – дүниежүзілік тамақтану күніне орай мектептегі тамақтандыруды жетілдіру және оқушыларға дұрыс тамақтанудың маңызын насихаттау мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Апталық аясында 5-9 класс оқушыларынан тамақтану жөнінде сауалнама алынды.



«Ас-адамның арқауы» тақырыбымен 3-4 кластар арасында сурет байқауы, 1-2 кластарда «Сиқырлы сандықтан шыққан күзгі ғаламаттар» тақырыбында көрме өткізілді.



«Дәрумендер-денсаулық кепілі» тақырыбында 4-7 кластарына мектебіміздің диет медбикесі К.К.Жумашеваның қатысуымен дәріс оқылды. Оқушыларға дәрумендер туралы ақпараттар берілді.



«Дұрыс тамақтанудың адам өмірі үшін маңызы» тақырыбымен 6-7 кластарда класс сағаты болып өтті.



«Біз салауатты тамақтануды қолдаймыз» тақырыбымен 5 кластар арасында сайыс өткізілді. 4 кезеңнен тұратын сайысқа әр кластан класс жетекшісі мен 3 оқушы қатысты. 5«А» класс - «Дастарқан» тобы, 5«Ә» класс - «Тары» тобы, 5«Б» класс - «Дәрумендер» тобы.



«Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» тақырыбындағы апталықта түрлі шаралар өткізілді. Оның ішінде сауалнамалар алынып, сурет байқауы, көрме, сайыс, дәріс жүргізіліп, қорытындысы бойынша белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

